


Л 2005

5672к



ариза

н ГарсЫнова



# Фариза Онғарсынова

---

Фариза  
Оңғарсынова

---

ҮШ ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАФЫ

# Фариза Онғарсынова

---

БІРІНШІ ТОМ



“Елорда”  
Астана - 2004


ББК 84 Қаз 7-5  
О 61

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ  
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Оңғарсынова Ф.**  
**О 61 Өлеңдер, дастандар. I том.**  
— Астана: Елорда, 2004. — 288 бет.

ISBN 9965-06-348-6

Қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсынованың үш томдық шығармалар жинағының бірінші кітабына алдыңғы аға буынның алғысына бөленіп, қазір халықтың рухани қазынасына айналған жаутар-жырлары еніп отыр.



О 4702250202 - 285  
450(05) - 04

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-06-348-6

© Оңғарсынова Ф., 2004  
© “Елорда”, 2004

Әбділда ТӘЖІБАЕВ

## ОЙ МЕН СЕЗІМ НАҚЫШТАРЫ

Фариза Онғарсынованың “Шілде” жинағына он жылдан аса мезгілдегі шығармалары кірген. Екі жүзге жуық өлеңнің бірге тұптелгені болмаса, олардың әр тобы—әр кезеңнің айғағындей, уақыт ағымын, адам қауымының қозғалыстарын сипаттайтын көркем туындылар. Солардың бәріне үнілу, ақын өткен соқпактар мен жолдарды жалғастыру, ой мен сезімнің өрнек, нақыштарының даму процестерін бағу, әрине, аз жұмыс емес. Демек, бұл сияқты мол жұмысты терең зерттеп, күрделі еңбек жазу — поэзия сыншылары мен ғалымдардың міндеті. Мен, әзірше, алғашқы алған әсерлерімнің маңында ғана қалқу ойлар айтамын.

Өлең жазғанның бәрі ақын емес екені қашаннан мәлім. Өлеңші мен ақын қатар тірлік құрып, бірге жер басып жүргендеге ғана біріне-бірі ұқсайды. Екеудің бірдей өлең жазған соң бір одаққа мүше, бір литфондының наны мен майын да тең жеулері (өлеңшінің артығырақ жеуі де) мүмкін. Бірақ, бұл “теңестік” — уақытша нәрсе. Кейін өлеңші ұмытқа айналады да, болашақпен беттесу және тілдесу үшін өмірде ақын қалады. Әйткені ақын әлеуметтік өмірдегі, көрнекті тұлға. Ол қауымға жаңа пікірлер естіртіп, ойлы сөздер айтқан адам: ол өзі өскен ортаға қуаныш-шаттық әкелген, қайғының қандай түріне жылап, қандай түріне қарсы шабуды үйреткен ұстаз. Ол өмірді ұғындырған, оны сүюді үйреткен, жалған сейлемеген, қара басының қамын арттыру үшін ешкімге жалпактамаған, онай үйқас, женіл ырғактар қумаған жан. Менің “Шілдеден” бірінші алған әсерім өлеңшімен емес, ақынмен кездестім. Кездестім де, шексіз куандым. Тұлға болып тутан ақын барлық жазғандарында да түрлі қырларымен өзін көрсетіп отыруы хак. Әйтсе де бірегей бір жырмен өзін халқына, замандастарына ұсынуы: “Бұл — менмін, менің болмысым — осы, ұстаған бағдарым — мынау” — деп мәлімдеуі керек кой (әрине, өзіне-өзі сенсе). Сонда бізге, окушы қауымға, ақынның қозғалыс-қимылын бағу, оның ишараттарына дейін жедел анғару женілдей бермек. Фаризада мұндай мәлімдеме бар.

Мен  
революцияны жасамадым,  
мезгіл деген межеден аса алар кім?  
Бірақ, бірақ жасқанып, жалтақтамай,  
болашақтардың есігін аша аламын.  
Соғысты да көргем жок, өкінбедім,  
(мүмкін онда мен жайлы оқыр да едің...)  
Бірақ сол бір жылдардың жаракаты  
көкірегімді сыйздатып отыр менің.  
Мен жez едім,  
өмір өзі шындағы алмас қылып,  
отыра алмаймын қаперсіз малдас құрып,  
Мен осынау беймаза планетада  
революцияны келемін жалғастырып.

### Соңғы екі жол:

Мен өзімнің мазасыз жастығымды  
ұрпактарға мұра қып қалдырамын.

Мінеки, ақын “Менінің” ойындағы биік арман құған қуаттылық. Осыны оқығанда мен кәдімгідей масаттанып, мақтанғым келді. Бұл — ақын поэзиясының даңғыл жолы, идеясының айқын сипаты екен деп білдім.

Өзінің ақындық декларациясын мәлімдеген талай үлгілі ақындарды білеміз. Ойы жоғары, дауысы зор ақындар мұндай сөздерін мақтан үшін емес, өз заманы, өз замандастарының алдында анты сияқты айтқан. Мына Фариза өлеңінде де сондай дауыс бар.

Фариза кітабына жазған кіріспесінде: “Лирикалық кейіпкерлерім — Әйелдер, олардың тағдыры, жан-дүниесі, күлкісі мен көз жасы — өлеңдерімнің арқауы”, — депті. Осы рас, Фаризаның өзгешелігі де осында. Бірақ, соған қарап ақын жырының негізгі тақырыбы адам, адамға деген үлкен маҳабbat екенін кішірейтіп, тарылтып алмауымыз керек.

Адамды сүю керек, адамның сұлулығын жырлау керек деген өлеңдер Фаризада да аз емес. Ол адам туралы патетикалық қуатты сөздерді өте күшті, жалынды жазады. Ақынның ең тамашасы — адам сұлулығын қалауынша айта білетін суретшілдігінде:

Кос жанаңда тұрады арай кілкіп,  
қадалмайды, жалт етіп қарайды үркіп.  
Сұктанады сан көздер сұлулыққа,  
Талықсиды қағылмай талай кірпік...  
тағы бір шумағын келтірейін:  
Жұмыр кеуде жарасып иықпен тік,  
тұр талдырмаш денесін биiktetіп,  
жалғыз жатыр жотада қара бұрым  
нәзік белге кей-кейде тиіп кетіп.

Қандай өсем мұсін! Мұсін өнерінсіз үлттық көркемөнер жетістім, толдым дей алмайды. Поэзиядағы табиғат көрітерін жеткізетін сөз бояуы сияқты поэзияда мәрмар, граниттермен жарыса алатын сөз керек. Фариза жасаған мұсінде бояу арқылы жететін қасиеттер де бар. Қос жанары қандай нұрлы, әлі көздерін жалтылдатуы жетпей жатқан, оқтаулы қаруын жұмсай бере алмайтын нәуетек, сәби жан ғой бұл тұрған. Әйтпесе, жұртты өзі қалтыратудың орнына, өзгелерге үркіп қарап ма еді?! Екінші шумакта біз ғажайып сұлу жанды нәзік кимыл үстінде көреміз. Ақынның қырағы көзі талдырмаш денені биіктегіп тұрған келісімдерді де дәл аңғар-ған.

Тағы да қайталаймын: адамның бойынан сұлулық таптай тұрып, оның ойынан сұлулық табу қын. Сондықтан шығар, Фариза “Адам атты құдіретті қүшке” үнемі бас ишп отырады. Ол құдіретті адам қолымен жасалған қалалардан, қайта жаңғырған далалардан, аспанды, мұхитты билеушілерден көреді:

Қанатты наиза корабльдерге  
қызыға қарай қалам мен,  
аспан болмағаным мұнданып, —

дейді ақын. Осы арада біз адамның аспан болмағанына мұңаюы арқылы оның аспан болғанын көргендей әсерленеміз. Бүтінгі талантты интеллектінің айырмашылығының өзі осында болу керек. Эбден жетіккен құбылыстардың барлық ғаламатын таныған, шексіз биіктік пен тереңдіктерге сай сезім байлығын тапқан адамда тоят жоқ қой. Ол барлық әлемдік гармонияға қызығады, ол барлық қеңістік пен жарықтарға ғашық. Ол барлық құдіретті, көрікті жандарға ғашық. Сондықтан ондай жандардың қуаныштары да, қайғысы да өзгешерек, дәлірек айтқанда, көлемдірек, тереңірек болуы мүмкін.

Сен маған бақыттасың, қайғыдасың,  
өмірсің таусылмайтын, бай мұрасың.  
Өлермін сол сезіммен маған десе,  
аспаннан қара жерге ай құласың,  
әйтеуір, анық менің айнымасым.

Неге бұлай дейді ақын? Осы өлеңнің соңғы екі жолын қиыншы:

Ырзамын тағдырыма сен арқылы  
махаббат деген күшті сезіндірген.



Мен Фариза жазған ғашықтық жырларға оның барлық жаңымен ынтығып, барлық ынтасымен құлай, құмарлана айтқан лирикаларына осы түрғыдан қараймын. Алғашқы рет махабbat күшін сезіндірген адамға осылай табынбаса, біз ақынды танымас едік, оған сенбес те едік. Ақынға бұл жерде аспан қандай шексіз болса, ғашықтық құдіретті сезіндірген адам да сондай шексіз. Екеуі де поэзия тәндерімен тең. Екеуі де поэзияның арман дүниесі, шектелмейтін, шегерілмейтін арман. Осындаи армандарды аңсаған ақындыққа біздер махабbat көзімен қарай білуіміз керек. Егіліп-тәгіліп айтқан ыстық құмарлықтардан ең алдымен ақынның қуатын, ағынан жарылар сыршылдығы мен шыншылдығын көруіміз керек.

Дара күндерімнің,  
нала түндерімнің,  
серігі болғаның үшін,  
сенімі болғаның үшін,  
мен сені аялаймын.

Фаризаның барлық махабbat жырлары осы адамға арналған. Бұл — ардақтылық, қымбаттылық жағынан ақ сүтін берген, ақ бесігін тербеткен қасиетті анамен қатар тұра алатын Адам. Бұл адам үшін сүйініп жырлауға да, күйініп жырлауға да болады. Мен, өз басым, соның бәріне сенемін.

Кейде адамды сую мен оған ғашықтық асқақтай түсе отырып, дерексіздікке де ауысып кетеді ғой. Осындаи күйге ұшырамайыншы деген Фариза өз жүрегі жаратқан геройға реальдық әрекет, сезімдер береді: оған көдімгі өзімізге мәлім атмосфера жасайды.

“Көгалды алаң. Сұт сөule қырды басқан. Біз отырмыз жанарадан арман үшып” деп басталатын өлеңде бәрі бар: қуанышты екі жастың көздерінен перде сыпрылып, көңілдеріндегі тұман әбден серпілгендей, олар бақытты. Сондықтан олар бұрын еленбей жүрген аспанға, жұлдыздарға қарап таңданысады. Осындаи кең, тамаша түннің шындығын айқындай түсіп, біздің түйсігімізben әбден жарастыру үшін ақын өмірге лайық бояуды қалыңдата береді. Қасындағы досынан батылдық көруді аңсағанын да жасырмайды. “Кеткім келген кісідегі асыққанмен, жібермей қалса дедім”. “Әйелдің монологында”:

Жанарымды толтырдың жылыштыққа,  
жан жылуын балар ем ұлылыққа, —

деген егіз жол бар. Демек, еркек пен әйелдің өзара сезінісулері

де ақын үшін ұлылық. Олар неғұрлым жақын болған сайын, соғұрлым адам ойы мен сезімінің асыл қасиеттері толыға түседі. Сондықтан болар деймін, маған:

Сонда мен жайсан қелдің жағасымын,  
өзіндік сонда менің бар асылым, —

деген жолдар да қатты ұнады. Мен бүкіл әлемдегі ұлы құбылыстардың келісім тапқандарын көргендей сезіндім.

Мен Фаризаның махаббат жырларынан бәрімізге ұксамайтын өзгешелік көремін. Бұл — қайсымызды болса да ойландыратын өзгешелік. Адамның шартты түрдегі ережелерге, канондарға, ескірген әдет, дәстүрлерге тұтқын болып қалмай босануын, өз сезімін ұрламай, жасырмай, бүкпей сөйлеуін қазақ поэзиясында батып жырлаған осы — Фариза.

Ақынның лирикалық геройы адамға тән айқын, күшті сезімдерін адам сөзімен адамға жаастық дәрежеде айтуда міндетті. Жалған сөйлесе, ол — поэзия емес.

Жастық шактағы адам басынан өтетін күйлерде шек бар ма? Санага сүйенген сабыр — ұстамдылықты біз егде тартқан соң табамыз. Кілең ұстамдымыз. Әр күннің, әр түннің сағатын үнемдеп жұмсал, өлшелп пайдаланамыз. Сондықтан біздің (егделердің) сезімдеріміз де тежеулі, шідерлеулі. Сондықтан кенеттен килігер оқиғаларымыз бола бермейді. Кенеттен бүркырап, быт-шыт жарыла, шашылып-төгіліп жатпайтынымыз да сол үшін. Ал, жастық шакта ше? Солай ма едік? Қайнаған қан, жолбарысша жұлқынған жүрек, темірдей дене жасқа дамыл берген бе! Әрбір минут сайын жаңалықтар іздеген, жақсы үміт, жарық армандарға талпынған жастық “сабыр”, “саябыр” деген сөздерге түсінген бе? Олардың бір күні біздің жылымызыға татымай ма (бастан өткерер оқиға жағынан айтамын)?

Біз жердің қай күні сілкініп, жанар таулардың қай күні жарыларын, айналасын алай-түлейге түсірерін білеміз бе? Жастық та солай ғой. Жастық өмір — романтикағана емес, оның өз реализмі де жетіп артылады. Осы реализмге үңілсек, талай шаттыққа, талай қайғыға кенеттен кездесе береміз.

Сенің от құшағында  
дүниені ұмытып талықсызды.  
Жүрегімді өртеді жан ыстығын... тағы-тағылар.

Арманың тапқан жанның қуанышында, ләzzатында шек жоқ. Ол күннің шықпауын, танның атпауын, құшағының

жазылмауын тілейтіндей. Ол мәңгі жасайтын ләzzат дүниесінің аясында... Біз қуанышымызды сезіп үлгерген жоқпыз. Ақын енді:

Бірақ өзің айныдың,  
ұмыттың да жастықтың жұмақ күнін,  
сен мысқылдап, мен болсам жылап тұрдым.  
Омір деген бүрқанған дарияға  
бұрымымнан үстап ап лақтырдың.  
Сонда ғана есейіп, бұл жалғанда  
бәрі алдамшы екенін бір-ақ білдім, —

Ашынған, асылынан айрылған күйікті қыз монологын: “Мен күнәкар емеспін ар алдында, құдайың да кешеді тап мұнымды”, — деп аяқтайды. Шап-шағын өлеңде адам аузынан шығатын лептердің бәрі де бар. Шадымандық үшін шаншыған жүректің жан дауысы жуып-шайып кеткендей.

Бұл не — драма ма? — Иә, драма!  
Бұл не — трагедия ма? — Иә, трагедия!

Біз бұрын мұндай қыздар жайын қалың романдардан оқытынбыз, театр сахналарынан көретінбіз. Сонда кілең көзіміз құрғамайтын. Ал, бүгін қыздың өзі жырлап отыр. Бұл — әйелдер өмірінде үнемі кездесетін, окушылардың үнемі күрсінетін оқиғалардың бірі. Бұл монологтағы қыз бәрін өзі сөйлеп тұр. Бұл қыз бұл сөздерін қандай қауымның талқысына болса да салуға, қандай билердің алдында болса да сөйлеп кетуге, пәктігін қалай жоғалтқанын, не үшін жоғалтқанын дәлелдеп, ақталып шығуға өзір. Сондықтан ол окушылардан да қымсынбай, ағынан жарылған.

Әңгіме тек мұндай жырды кімнің, қалай қабылдаудында. Қыз сырын ата-ана болып тындасадақ, көкірегіміз қарс айрылып күрсінеміз. Өйткені, баламызды бақытсыздыққа ұшыратып алғанымызға өкінеміз. Жастың мұндай күйіне оның адап құрбы-құрдастары мен жан достары да өксиді. Ал, тоғышар болып отырып оқысақ ше? Онда әңгіме басқаша. Тоғышардың өз философиясы бар: “қойды құдай қасапқа арнап, қызды ерекке арнап” жаратқан. Апанда жатқан бөріге қызы неге барады? Жапанда жортқан бөріге қозы неге барады? Жапанда жортқан жігітке қыздың өзі неге соғады. “Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде”. Татымайтын, бір жылаған соң ұмыт бол кететін нәрседен қандай трагедия шықпақ?! Мұндай қыздың өдет пен дағдыдан үшқа-



ры өңгімесін тыңдаудың, әйтпесе оқудың өзі үят”. Тоғышарлар философиясын осылай тыңдай берсек, біз махаббат, гуманизм дегендерге қайта соқпастай алыстаймыз. Поэзия ояттын сезімдерден жүрдай тазарамыз.

Мен, өзімше махаббатағы сезім шынайылығы мен ададығы жетіспей тұрып, суретші болу мүмкін емес деп білемін. Жанның сан алуан толқындары мен ағымдарын анғара алмаушыға бояу, дыбыстардың да алуан құбылыстары мен ағымдарын анғару қын. Махаббатқа және махаббаттан туатын сезімдерге жетік еместер, сол сезімдер туралы ақын боп терең жырлай алмайды, прозашы болып терең көрсете алмайды.

Поэзияда кейде Ләйлі, кейде Мәжнұн болу бізді қатты қызықтырады және қуантады ғой, неге олай? Өйткені, біз адамдардың бүтіндігі мен ірілігін, биіктегі жарық мұраттарға құлаш сермегендерін, амал-айласыз, есеп-қисапсыз, адал өмір сұрушілерді көреміз.

“Барынды түгел бер, барымды түгел ал. Алаңсыз сүй мені, алаңсыз сүйдір өзінді” деген сезімдер қашан да қымбат болған. Бүгін де қымбат. Мұндай кесек сезімдерсіз махаббат пафосы тумайды, махаббат іріленбейді, ұсақтап кетеді. Осы қасиеттер біздің Фариза лирикасынан түгел табылады.

Бүкіл өлемдік құбылыстардың бәрін сезінетін, бәрін де сездіре алатын ақын, өзін барлық жаратылыстың сырласындағы ұғынады. Әйтпесе, махаббат лирикасында да бізді ол қызықтыра алмас еді, — дедік қой. Сол ойымызды растайық. Фаризаның күзге арналған өлеңін оқыық:

Ерке өзендер жатпайды тасып ағып,  
Таулар да тұр жамылып басына бұлт.  
Ақ қайындар жылайды, жапырағын  
байқаусыз шашып алып.  
Жас төгеді аспан да ашынғаннан,  
жасыл көркін жаздағы жасырған ман.  
Бозан дала жатады томсырайып  
баладай ашуланған.  
Бау-бақшаны тұратын жеміс тұнып  
жинап қойды адамдар келістіріп.  
Тарсылдатып үйлердің терезесін  
жүреді жел ыскырып.  
Көк аспан да жойыпты от тынысын,  
қоңыр бұлттар жөнкіді соқтығысып.  
Балалар жүр кіrbіңсіз көңілменен  
шапқылап, доп қуысып.

Мен бұл өлеңді тұтас келтіргенде, менің айтып жеткізе алмағанымды оқырман өз ойымен толықтырсын дедім. Күзді



көңілсіздікке балау-бұлтты жылату, ағаш жапырактарын жүтату бізге қашаннан белгілі. Кейде күз арқылы көңілдегі кірбінді күйлер де қоса шертіліп отырады. Ал мынау өлеңде өзгешелік — әсемдік бар сияқты. Табиғат — Фариза үшін күнәсіз сәбілік шақ. Ақ қайындар жапырағын байқаусызыда шашып алған соң жылап тұр. Бозаң дала өкпелеген баладай томсыраяды. Маған терезелерді қағып ыскырып жүрген жел де доп қуып жүрген балалармен бірге ойнап жүрген секілді.

Мезгілге сай жаратылыс дүниелерін жандандыру, олардың адам мінезі мен қылыштарына ұқсаған түрі, сиқы, қимылдары арқылы болмысты барлық келісімдерімен бейнелеу ақынның күшін, тапқырлығын танытады.

Біз осы ұнатқан, мақтаған нәрселеріміздің, әсіресе, поэзиядағы суретшілдік өнердің қызықтығын айтқанда ақынның тіл шеберлігіне үңілмей өте алмаймыз. Ал, тіл шеберлігі дегеніміз алдымен сөз байлығына, сол бай сөздерді ұстарта білуге байланысты. Сөзің жетпей, сөздерге жан бітіріп қозғау жасарлық құдіретің жетпей жатқанда өлеңнен көріктілік іздеу — қын нәрсе. Онда өзіңе тән жаңа жүйе табу, өлеңге жаңа өуен, интонация беретін жаңғырған үйқас-ырғактар, тың тенеулер өкелу тіпті мүмкін емес.

Фариза сөз қалаудағы халық поэзиясындағы әсемдіктерді, ұтымдылықтарды менгерген. Ол сөздердің бойындағы қызу, қуат-күштерге қозғау салғыш, жан бергіш, сөздердің өзара қилюласу-лары, өзара шарпысуы арқылы жаңа сурет, жаңа өуен туғызатындығын көрсетті. Ол тілге жетік болғандықтан жырдың ырғағын күшектіш, үйқасын тыңайтқыш жаңа сөздерді көп тапқан және оларды барынша шебер қолданған. Ол эпос-тағы, әсіресе, Махамбет сияқты ақындардың толғауларындағы екпін, энергияларды есінен шығармайды. Сөйтеп тұра ол үйреншікті ырғактарға түсіп кетпеу үшін ағыл-тегіл ала жөнелгелі тұрған ырғактарды өдейі қара сөздік интонацияға араластырып, асау екпінділерді шідерлегендей шенеп ұтайды. Окушысын өлеңіне тереңрек қарауға, қабат-қабат болып жатқан мағыналарды іздеуге, образ, теңеу күрделіліктерін танытуға жетелейді.

Нәзік гүлдер жаутандап, дірлімен  
ғашықтың сезіміндей.

Адамдардың думанды дүбірінен  
дала жатыр көзі ілінбей.

Тағы да қызық салыстыруларға кенеліп отырмыз. Нәзік гүлдер мен кең дала адам бейнесіне көшкенін қызықтай-

мыз. Біз осыны дәстүрлі жаңғыртудан туған жаңашылдық, ақынның өзіндік өзгешелігі, өзіндік сипаты дейміз.

“Шілдедегі” сөз қоры молдығын дәлелдейтін мысалдар толып жатыр. Ондағы бояулар байлығы да маған қатты ұнайды. Аппак сәулелер, сағым үміттер, қап-қара терендер, көкпенбек көк биқтер ақынның кең әлемін, ішкі дүниесін де көрсетеді. “Бұла көңіл”, “бұлыңғыр мұң”, “бал сезім”, “сұт сөүле” сияқты сөздерді біз бұрын көп қолданбағанбыз.

“Теңіз-көңіл қалайша толқымасын...”.  
“Мені еш нәрсе өмірде таң қылмайды...”.  
“Көңілім құздан құлап жүрмін ессіз...”.  
“Майса дала арылады гүлді өнінен...”.  
“Ашу, ыза кеудемде қамалған үн...”.  
“Жанымдағы жалаңаш жара табын...”.  
“Екеумізді бір арман матастырып...” —

деген сияқты жеке жолдар; Әйтпесе: “Мен сені жүретінмін мақтан көріп, Қызығыш боп, өсек айтқан жаттан қорып...”; “Ақ түтек ойлардың акпаны сақ-сақ күледі, жалғыздығынан жынданып кеткен жесірдей...” “мен қашанғы ішімнен шыңғырамын, қашан-қашан басылар бұл құмарым...”; “Сезім өлген. Жүрем тек құр сүлдерім, жүрегімді, миымды таң асырып...” дегендегі егіз жолдар, Әйтпесе:

Қашанғы енді мен сені ұмытпаймын,  
қашанғы іште жатады ұлып қайғым,  
қашан, қашан үшады сағым болып,  
жүрегімде ілінген құлыптай мұң... —

деп келетін төрт жолдар поэзиямызыдағы мол байлықтың Фариза әкелген бір саласы емес пе?

Фаризада үйқастың неше алуан күрделі түрлері бар. Дыбыс сұлулықтары, олардың келісті үйлесім табулары өлең әуендейтілігін бір түрлі күмбірлетіп жібереді. Оқушысын әнге, күйге бастайды. Ал, кейде жоғарыда айтылғандай ақынның шеберлігі арқылы осы әуенде дыбыстар өзгеше қиуласып өлеңнің өзін прозаша оқуға тартады. Сонда біз әуенде сезім мен салмақты ойлардың бірлесіп, Фариза поэзиясына күрделілік беріп тұрғанын аңғарамыз.

Мен Фариза өлеңдерін түгел оқып шыққаннан кейін, оны өзіме бір түрлі жақын сезіндім. Жас ақын менің өдемілеп айтамын деп жүріп айта алмағанымды оп-оңай жазғандай

көрінді. Ақындар бірін-бірі осылай толықтырып, көркейтіп отырмаса, поэзия қалай ілгері баспақшы!

Менің бір әдетім (мүмкін, нашар әдет шығар) көңіліме қонған, сезімімді жылытқан өлеңдерді оқығанда, мактау сөздерімді тежей алмай, оқып отырған нәрселерімнің кемшіліктерін айтуға уақыт таптай қаламын. Байқаймын, бұл жолы да сөйткен сияқтымын...

Расында, “Шілде” шын-ақ мінсіз бе? Әрине, олай емес, осыншалық көл-көсір көп өлеңде мін кездеспеуі жарамсыз да болар еді. Шеберлікке де, шешенждікке де жатпайтын “Таң сұлу келініндей бұрынғының” деп басталатын өлең сияқтылар да аз кездеспейді. “Бұлактар құздардан асып” дейтін абстракцияға айналған өлеңде “қыр”, “бақ”, “қызғалдақтар” жалпылама айтылады. Жап-жаксы шумактары бар өлеңдер орынсыз ұзарып кетеді. Мысалы, “Сенім” сондайларға жатады. “Әйелінің маскүнемге айтқаны” дейтін өлең өте қын құрастырылған, шабыт сезілмейді, қызу жетіспейді. “Дала дауысы да” окуға ауыр екен. “Елесің қуантардай” деген секілді орта қол (алғашқы екі шумағынан өзгелері) өлеңдер де баршылық. Кейде сую, ынтығу жырлары жалаң қызғанышқа айналып кеткендей болып та сезіледі. Сондай тұста біз ақынның бір тақырыпты көбірек қайталағанын байқаймыз. “Жолама маған, қолаңса сасық, күлімсі иісінен жерінем” дейді бір жерінде. Маған мұндай “реализм” ұнамады. Сезімнің шектен артыла ширатылып кеткен “көзімен шешіндірген тәрізді” жерлері де табылады.

Бірақ, осындай кемшіліктеріне (егер мен кемшіліктерді дұрыс таныған болсам) қарамастан “Шілде” — бізге үлкен қуаныш әкелген тамаша кітап.

Бізде өмірмен, адаммен бетпе-бет тұрып барлық даусымен тілдесетін, үні кең ақындар сирек-ақ. Фариза — сол сиректеріміздің бірі. Оның қауымына, замандастарына ақын болып айтарты аз емес, солардың бәрін асқақ, жалынды сөздермен айтады — Фариза.

Мен Фариза ақынның болашақ жырларын да үлкен үміттермен күтемін.

Фариза өзі біліп түскен, қалап алған ауыр жолда, өмірлік үзак жолда сенімді екенін барлық еңбегінде көрсетіп келеді. Фариза — поэзиясының тақырыптары, іші мен тысын тұтас ойдай алатын ақын.

\* \* \*

Мен

революцияны жасамадым,  
Мезгіл деген межеден аса алар кім?!  
Бірақ, бірақ жасқанып жалтақтамай  
болашақтардың есігін аша аламын.

Соғысты да көргем жоқ, өкінбедім.

(Мүмкін, онда мен жайлы оқыр да едің...)  
Бірақ, сол бір жылдардың жарақаты  
көкірегімді сыздатып отыр менің.

Мен жez едім.

Өмір өзі шындағы алмас қылып,  
Отыра алмаймын қаперсіз малдас құрып.  
Мен осынау беймаза планетада  
революцияны келемін жалғастырып.

Киял қуып жүргем жоқ даңққа еріп  
(тарих куә — біз ондай халық па едік!)  
Мен жүремін акжүрек сәбілерге  
жұлдыздарды уыстап алып беріп.

Сен көктемгі көк айдын сағым ба едің?  
Селт еткіздің-ау, даладай сабырлы едім.  
Қасіретінді де қасқайып қарсы аламын,  
қайталанбайтын мазасыз шағым менің!

Көне көкірек, ей, менің жыршы далам!  
Күдіктенсең, өзімді бір сынап ал!  
Менің жастық шағымнан ескерткіш деп  
бозаң белестеріңе гүл шығарам!

Қатерді ойлап көнілі тыншымаған,  
гүлге оранып сонда бір жұрсін адам.  
Айшықты іздер — өмірім. Мен қалайша,  
Болашактардың алдында күрсіне алам!

Көніл-күйін көз ілмей сан бұрадым,  
талай күлдім, сан рет қалжырадым.  
Мен өзімнің мазасыз жастығымды,  
Үрпақтарға мұра қып қалдырамын.



## ДАУЫЛДЫ АҢСАУ

Ақтымық.

Теніз.

Маужырап дел-сал жас келіншектей жар құшқан,  
Қымсынып жатыр, тұншығып жатыр рахат пенен алғыстан...  
Тәкаппар, тентек теңізге мынау таңданып кетіп барады  
ақ шағалалар таңда үшқан.

Ұйқыда теңіз,  
албырап жатыр қас арулардай құлпырып,  
Дүние-ай, қанша сұлулық деген, нәзіктік деген түр тұнып!  
Әншейіндегі арман боп жүрген аспан да бүгін қас қақпай  
төлміріп тұрды ынтығып.

Мен тұрдым соңда  
алапат ойдың толқындарына мың батып,  
көнілімде бір сәт қол жетпестерге жанымның күйін тындалыш.  
Қарсы ағыстарға құлашты сермелеп кеттім мен,  
Қалғып кетпесем, бұл — бақыт!

Мезі бол кеттім тыншудан.  
Аңсарым ауған ақ толқындардың арманы қалай тарқады?  
Тентектеу сенің міnezің қайда, шалқарым?!

Самарқау мына бей-жайлышынды сенің серпуге  
Дауылы керек Арқаның!

Мен нәзіктеу болғанмен  
бұйығы сенің өсемдігіңен ләzzәт ала алман,  
Тентектің керек табыну үшін саған жан!  
Қыз — толқындарың алысып жатса жалынан құшып асаудың,  
Парлатып жасын жанаардан!

Сондай бір шақта  
Найзағай болып жарқ етіп өтсем төбеңнен,  
О, соңда менің бақыттылығымды көрер де ең! Мұлгіген  
меніреу тыныштығынды талқан етуге Ақ дауыл болып келем мен!..

## ЖАЙЛАУ ТАҢЫ

Таң сұлу келініңдегі бұрынғының  
үстады нұрға малған шымылдығын,  
Көгілдір сахнадан дала өншісі сайраса,  
қосылғандай сыйызғы мың.

Самалын жұтсан, шіркін, қыр таңының,  
Кеткендей көкірегінен бұлт арылып,  
Кеңпейіл жатыр менің дархан далам,  
төсіне қызыл-жасыл гүл тағынып.

Бұлақ жоқ сылдыраған күліп қашып,  
Тұп-тұнық мөлдірейді құдықта су.  
Көк тәбет көсіле сап жайбарақат  
кеміріп жатыр әне, жілік басын.

Бір сәтке жайлау алып жатты демін,  
(сүйемін мен осынау шақты керім!)  
Көз ілді қой күзеткен шопан жігіт  
жастанып келіншектің ақ білегін.



## **ЖАРАЛҒАН ДЕП ЖАТ ҮШИН**

Бабам қазақ қашаннан бала сүйген,  
мұрагерім болса деп мақсат қылыш.  
Ұл дауысы шыққанда қараша үйден,  
атан сойып той қылған, ат шаптырыш.

Сүйіншіге ұл туса бермегі көп,  
әзер болса астында аты қалған.  
Қыз туғанда “қырсықтың келгені!” — деп,  
қырын қарап еркегі жатып алған.

Иығына елінің мұнын артып,  
ұл алардай дүшпаннан бүтін кекті.  
Қанша қызы болса да, ұлын айтып:  
“Жалғыз бар ғой, құдайға щукір!”... — депті.

Із қалғандай артында өшпейтүғын,  
ұлы болса, армансыз жүреді екен.  
Ұл туғанын қашан да көксейтіні —  
ұлды еліне қамқор деп біле ме екен?

Қайран бабам өтіпті шер-құдіктің  
емін іздең баладан жаны жалын,  
Білсе еді ғой ел қорғар ер жігіттің  
сол аруға күні ертең табынарын!



## ҚЫЗ ҚУУ

Елең болмай жайлауда жаз аптабы,  
Қызып кетті бойымда қазақ қаны:  
— Ертте, жезде, ең жүйрік сәйгүлікті —  
Басталуға “Қыз қуу” аз-ак қалды!

— Ат — машина емес, ал ақыл ұғып,  
Кетері бар, балдызжан, қапы қылып.  
Ерке қызын қаланың ат көрмеген  
жығып кетіп жүрмесін атып ұрып!

— Тұрарым жоқ алданып айла-егеске,  
белді будым қалсам да қай белесте!  
Жол соңына жасықты қалдыратын  
Өмір деген өзі де бәйге емес пе!

... Арғымаққа жөнедім қамшы басып,  
(қарап коям қауіппен артыма шын!)

Мені қуып жеткенше, ей жігітім,  
қара терге өзің де малшынарсың!

— Обалсыз, — деп, — есекке сеніп мінген! —  
Қамшы ойнаттым қайтарда төніп бірден.  
Неге екенін білмеймін, жігітті емес,  
атын ғана сабалай беріппін мен...



\* \* \*

Арман деген елесті қып келем  
алып-ұшқан жастықтың тұлпарымен.  
Бірде ысиды, біресе суып денем  
алған сайын әр белес, қырқаны мен.

Ей, жастығым, маужырап қалғымағын,  
бала қаздай қияға түлет мені.  
Көктеменің мұлгіген таңғы бағын  
менің жаным жүрген жоқ тілеп тегі.

Болсын мейлі асқар тау, алдым ағын,  
мүмкін емес жасытып жүдетпегі.  
Сенетінім — құс қанат арғымағым,  
сонсоң алау жалыным жүректегі.

Мен осылай арманды қып келем,  
алып-ұшқан жастықтың тұлпарымен.  
Токтамайтын шығармын жуықта мен —  
алыс самғау — қашанғы іңкөрім ең!



\* \* \*

Жүректі тербел бал сезім,  
Қоштастым сонда дірілдеп.  
Аузынан шықпай бар сөзім,  
Ішімнен тұрдым “Күнім” — деп.

Жанарың сенің қадалған,  
жанымда күн боп нұр септі.  
Жиналған мынау жарандар  
қарамай бізге тұрса етті...

Кеттің ғой сонда көп күнгे,  
қолымды неге қыспадың?  
Тіледім самолеттің де  
кешигіп барып үшқанын.

Несіне тіктің көзінді  
сүйілмей қалған ерінгे...  
Сарғая күтіп өзінді,  
сағына түссін дедің бе?

